

Г.К. Бекебаева,
ҚГЗУ, конституциялық құқық және мемлекеттік басқару
факедрасының 2 курс магистранты

**Әкімшілік құқықтағы шағымдану институты:
құқықтық-теориялық аспектісі**

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан Республикасында азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау құралдарын жетілдіруге бағытталған нәтижелі жұмыс жүргізілген.

Осыған орай, жеке немесе заңды тұлға өзінің құқығын қорғап сотқа жүгіну негіздерінің ауқымы кеңейтіліп отыр.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушы туралы Кодексіні қолданысқа енгізіліп, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау құралдарының бірі ретінде әкімшілік жаза қолдануға уәкілетті органның қаулысына шағым беріп, әкімшілік құқық бұзушылық іс жүргізу құрығына ілінген тұлға сот арқылы қорғану құқығына ие.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның заңды күшіне енбеген қаулысына әкімшілік жауаптылыққа тартылғанын тұлғаның шағым келтіру тәртібі, және сол шағымды қарау рәсімі Азаматтық іс жүргізу кодексінің 26-тарауымен реттеледі.

Қазіргі кезде судьяларға талаптың күшейтілгені белгілі, сол себепті судьяның үстінен жоғары саты сотына түскен шағым бойынша тексерулер жүргізіледі, оның нәтижесі бойынша судьяның кінәсі болған жағдайда тиісті жауапкершілікке тартылады. Көп жағдайда шағымда көрсетілген жағдайлар дәлелін таппай жатады, бірақта судьяның үстінен жазылған шағым болған жағдайда судьяға қандай да болмасын моральдық, психологиялық, тіпті жұмыс барысына да әсерін тигізетіні сөзсіз.

Сондықтан өз ісіне адал, ар-ожданы биік, қараған ісі бойынша заң талабын бұзбай әділ шешім шығарған судьяға,

кінәлап, көрінеу орынсыз шағым жазған адамға, мейлі ол тараптар болсын жауапкершілік қаралған жөн. Өйткені судья өз қызметін сот ісін қарау барысында Конституцияға қайшы келмейтін қолданыстағы заңдарды басшылыққа ала отырып, мемлекеттің атынан үкім, шешім шығарады. Заң талаптарына сәйкес соттың шығарған шешіміне келіспеген жағдайда, тараптар жоғары тұрған сот сатысына шағымдануына немесе прокурор наразылық келтіруі көзделген.

Ал, белгілі бір іс бойынша тараптар немесе олардың өкілдері болсын судьяның үстінен жазылған шағымы бойынша көрсетілген уәждері дәлелін таппаса, судьяның қызметтік міндетін атқару барысында ар-ожданына нұқсан келтірілген деп танып, міндетті түрде әкімшілік жауапкершілік көзделіп, айыппұл жазасы қаралса дұрыс болар еді. Сонда судьяның үстінен орынсыз оңды солды жазылған шағымдар болмас еді, шағым жазушы алдымен өз іс-әрекетінің дұрыстығына көзін жеткізіп барып, шағым келтірер еді.

Судья күнделікті жұмыс бастылықтан іс қараудан басын көтере алмай жатқанда, дәлелсіз шағым жазған шағымгерді сотқа беріп, онымен соттасып жатуға мүмкіндігі жоқ, қолы да жетпейді, жеткен күннің өзінде өзі судья бола тұра ол өзі қараған істер бойынша тараптармен соттасып жатуға ар-ожданы да жібермейтінін түсінуге болады.

Сондықтан судьяның үстінен жазылған шағымда көрсетілген шағымданушының уәждері дәлелін таппаған күнде, міндетті түрде судьяның қызметтік ар-ожданын қорғау мақсатында жауаптылық қажет, өйткені судья - мемлекеттің атынан билік ететін лауазымды тұлға. Бұл жерде, ең бастысы, сотқа деген әділетсіздік пікірлердің қалыптасуына жол бермеу, сотқа деген сенімсіздікті жою, сот беделінің жоғарлауын қалыптастыру.

Істі бірінші сатыда толық жөне әділ қарауға кепілдік орнату, ең алдымен, әділ үкім шығаруды қамтамасыз ету мен сотты кездейсоқ қателесуден қорғау міндеттерін алдыға тартады. Сол себепті де сот шешімдерін қайта қарау институты осы талаптарға негізделеді, яғни сот жауабы соттық тексеруге жатқызылады.

Сот өндірісінің осындай нысандарының бірі апелляция болып табылады. Оның шығу тарихы сонау ежелгі Греция

құқығы мен ежелгі римдік құқығынан бастау алады. Ол заңдық күшіне енбеген сот шешімдерін қайта қарау сатысы ретінде жақсы таныс. С.И. Ожегов орыс тілі сөздігінде бұл терминге мынадай анықтама береді: «Апелляция - істі қайта қарату мақсатымен жоғары сатыдағы сотқа сот шешімі жөнінде шағымдану». XIX ғасырдың белгілі орыс криминалисі И. Фойницкий өзінің «Қылмыстық сот өндірісінің курсы» деген еңбегінде, апелляцияны толық күшіне енбеген төменгі сатыдағы соттың шағым түскен үкімін нақты және заңдық негізде (арызда көрсетілген көлемде) жоғары инстанцияның қайта қарауы деп түсіндіреді. Апелляция сот өндірісінің басқа да нысандары сияқты әр уақытта дұрыс көзқараспен қабылданып, түрлі жолдармен дамытылып отырған.

Жалпы сот қаулыларына шағымдану институтының, соның ішінде апелляциялық және кассациялық шағымдану институттарының пайда болу және даму тарихын сөз етпес бұрын, ең алдымен, алғашқы қоғам пайда болғаннан оның мүшелерінің арасында қоғамдық қатынастардың орныға бастағандығына назар аударғанымыз жөн.

Тарихи мәліметтерге жүгінсек, ерте дәуірде адамдардың іс-қылықтарын және оқиғаларды бір-біріне мүлдем қарама-қарсы екі топқа: «оң және теріс», «адамгершілікті және адамгершіліксіз» деп бөліп қарағанын аңғару қиын емес. Бір ру мүшелерінің арасындағы дауды шешу, сондай-ақ жасалған іс-әрекеттердің дұрыс немесе бұрыс екендігін бағалау ертедегі соттардың шексіз құқығын танытты. Ал, дәстүрлі құқық алғашқы мәдениеттің ең маңызды элементтерінің бірі ретінде мемлекеттік билік аппаратының қатысуынсыз қоғамдық тәртіпті сақтаудың басты құралына жатқызылды.

Алғашқы қоғам тұрақсыз, үнемі даму үстінде болды. Әрі сол даму барысында адамзат біртіндеп экономиканы жасаушы деңгейіне көтеріліп, алғашқы қауымдастық қоғамды өзінің шарықтау шегіне (қоғамның әлеуметтік жіктелуі, таптардың пайда болуы, мемлекеттің дүниеге келуі) жеткізді.

Европалық мемлекеттердің ертедегі даму кезеңінде орталық мемлекеттік биліктің тым әлсіз, әрі өзінің мекемелері арқылы сотты бағындыруға және оны бақылауға бейімсіз болғандығын атап өткеніміз жөн.

Сотқа қашанда екі тарап жүгінеді, сот шешіміне тараптың бірі жеңілген жағы риза болмай қарсылық білдіріп, күмән келтіреді. Шешім өз пайдасына шықпаған тарап, судьяның әрбір әрекетін теріс қабылдап, істі бір жақты қарады деп шағымданады. Онымен қоймай бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамдық пікірге жүгінеді. Кейбір бұқаралық ақпарат құралдары істің мән-жайын толық зерделемей, шағымшының сөзін сөйлеп, соттың әділетсіздігі туралы қоғамдық пікір туғызады. Шағым жазу көпшілік жағдайда, тараптардың атынан заңгер болып іске қатысқан өкілінен болып жатады, және де қаралған іс бойынша сот шешімі әлі күшіне енбеген, апелляциялық, кассациялық сатыда қаралып үлгермеген. Мұндағы мақсат олар судьяларды қорқыту арқылы қысым жасап, сот шешімін өз пайдасына шығаруға ықпал жасау, кей жағдайда әдейі судьяға қасақана жауапкершілікке тартылып, жоғары тұрған сатыға түсініктеме жазып әуре-сарсаңға түссін мақсат көздейтін сияқты. Көбіне шағымдар жоғары саты сопына әртүрлі бағытта, соның ішінде істі бір жақты қарады, дауыс көтерді, шешім, ұйғарым көшірмелерін бермеді, хаттамамен таныстырмады деп көрсетіп жатады.

Еліміз бойынша соттарда жыл сайын миллионнан астам істер қаралуда.

Соңғы кездері сот шешіміне келіспеген, яғни риза болмаған жақтар процессуалдық заң талаптарына сәйкес жоғарғы тұрған сот сатысына апелляциялық шағым келтірудің орнына, судьяның үстінен кінәлау тұрғысында шағымдар жазу үрдіс алууда.

Мұны Жоғарғы соттың сайтына судьялардың үстінен жазылған арыз шағымдардың саны күннен күнге артып келе жатпаса кеміп келе жатпағанын көріп отырмыз. Статистикалық мәлімет бойынша Республика бойынша соттардың қарап шешім алған істері бойынша істердің заңды қаралып, дұрыс шешім шығарылғаны 90 пайызын құрайды, және де бұл көрсеткіш жылдан жылға көтеріліп келеді. Мұнан еліміздегі судьялардың заң талаптарына сәйкес әділ шешім шығарғаны көрінеді.

Қазіргі уақытта демократиялық құқықтық мемлекет құруда әрбір азамат заңды құрметтеп сыйлай білген жөн. Судья лауазым иесі - ол мемлекет атынан заң талаптарын басшылыққа

ала отырып, бұзылған адам құқықтарын, органдардың мүдделерін қалпына келтіреді. Қазіргі кезде кез келген саланы алып қарасақ, заңды мүдделері мен құқықтарына нұқсан келген тұлғалардың барлығы да заң талаптарына сай сотқа жүгініп, соттар тарапынан әрбір іс бойынша жан -жақты әрі толыққанды зерделенген шешім алынып жатқанның көреміз.

Қорытындылай келе, әкімшілік құқық аясында шағым бойынша шағымдану сұрақтарының нормативтік құқықтық базасы жақсы дамып келеді.

Дегенмен, біздің ойымызша, жекелеген мәселелер бойынша келіспеушілік, пікірталас туындауы мүмкін, олай болса істің тек алға өрлеуіне, сот тәжірибесінің біркелкіленуіне өзінің оң ықпалын тигізері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 *Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз (2011 жылғы 2 ақпандағы № 403-IV Қазақстан Республикасы Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) // ЮРИСТ [Электрондық ресурс]: анықтама жүйесі / Ақмола аймақтық жүйесі. Астана: Юринфо, 2012. - қазақ тілінде.*

2. *Фокина Н. Нужны ли прокуратуре правозащитные функции? // Сборник материалов научно-практической конференции. Алматы, 2002. - С. 10-14.*

3. *Халиков К:Х. Проблемы судебной власти в Казахстане: Автореф. дисс. д-ра юрид.: 12.00.09; 12.00.11. Алматы, 1998.*

4. *Конституционное право зарубежных стран / Под ред. Б.А. Страшуна. М., 1996.*

5. *«Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» 2000 жылдың 25 желтоқсанындағы № 132-11 Қазақстан Республикасының Заңы (2008 жылғы 17 қарашадағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) // Егемен Қазақстан. 2000, 26 желтоқсан.*

6. *Административное право: учебный курс / Под ред. Р.А. Подопригоры. Алматы: Юрист, 2009. - 208 с.*